

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 4 шілдедегі № 257 бұйрығы

Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 21-1 бабы 2-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналардың:

1) «Ғылыми дәрежелердің ізденушілерін аралық аттестаттаудан өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 7 қыркүйектегі № 409 бұйрығының (нормативтік құқық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4941 болып тіркелген, 2007 жылғы 31 қыркүйекте «Заң газетінің» № 163 (1366) санында жарияланған);

2) «Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау мен аккредиттеуден өткізуді ұйымдастыру бойынша нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 5 наурыздағы № 109 бұйрығының (нормативтік құқық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5172 болып тіркелген, 2008 жылғы 31 қазанда «Заң газетінің» № 166 (1566) санында жарияланған);

3) «Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау мен аккредиттеуден өткізуді ұйымдастыру бойынша нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 5 наурыздағы № 109 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 12 мамырдағы № 211 бұйрығының (нормативтік құқық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5692 болып тіркелген, 2009 жылғы 24 шілдеде «Заң газетінің» № 111 (1708) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С.Ә. Ырсалиев):

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі М.Қ. Орынхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б.Жұмағұлов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК